

## Инновациялық гранттар берудің басым бағыттарын айқындау туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 1163 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 1 ақпанда № 12967 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 17 қыркүйектегі № 339/НҚ бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 17.09.2020 № 339/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 100-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес инновациялық гранттар берудің басым бағыттары айқындалсын.

2. "Инновациялық гранттар берудің басым бағыттарын айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 219 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11458 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 15 шілдеде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Технологиялық және инновациялық даму департаменті (А.Б. Батырқожа):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялауға оның көшірмелерін баспа және электронды түрде жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 3-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы

мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму министрінің

міндетін атқарушы

А. Рау

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

\_\_\_\_\_ А. Мамытбеков

2015 жылғы 23 желтоқсан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау және әлеуметтік  
даму министрі

\_\_\_\_\_ Т. Дүйсенова

2015 жылғы 25 желтоқсан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

\_\_\_\_\_ Б. Сұлтанов

2015 жылғы 10 желтоқсан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Е. Досаев

2015 жылғы 18 желтоқсан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрі

\_\_\_\_\_ В. Школьник

2015 жылғы 29 желтоқсан

## **Инновациялық гранттар берудің басым бағыттары**

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 22.11.2017 № 801 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Минералдық және көмірсутегі шикізатын іздеудің, өндірудің, тасымалдаудың және қайта өңдеудің прогрессивті технологиялары.
2. Тау-кен металлургия кешеніндегі прогрессивті технологиялар.
3. Агроөнеркәсіп кешеніндегі, тамақ өнеркәсібіндегі және агрохимиядағы прогрессивті технологиялар.
4. Фармацевтика саласындағы, медицина өнеркәсібіндегі, биотехнологиялардағы, биоинженериядағы, гендік инженериядағы прогрессивті технологиялар.
5. Химияның және мұнай-химиясының прогрессивті технологиялары.
6. Жаңа материалдарды пайдалануды қоса алғанда, машина жасаудың прогрессивті технологиялары.
7. Баламалы энергетика, жаңартылған энергия көздері.
8. Энергия тиімділігі технологиялары.
9. Инфокоммуникациялық технологиялар, оның ішінде: ақпараттық (кибер) қауіпсіздік саласындағы технологиялар; электрондық өнеркәсіп технологиялары.
10. Жеңіл өнеркәсіптегі прогрессивті технологиялар.
11. Жиһаз және ағаш өңдеу өнеркәсібіндегі прогрессивті технологиялар.
12. Жаңа материалдарды пайдалануды қоса алғанда, құрылыстағы прогрессивті технологиялар.
13. Буып-түю өнеркәсібіндегі прогрессивті технологиялар.
14. Робот техникасы.
15. Нано және ғарыш технологиялары.
16. Энергетика.